

№136 жалпы орта білім беретін мектебі

Тілдер тоғысқан мереке



Шымкент 2025ж

Бөрібай:

Қайырлы күн, қадірлі қонақтар, ұстаздар, оқушылар!

Бүгін біз Қазақстан халқының ең қастерлі құндылықтарының бірі – Тілдер мерекесіне арналған мерекелік кешке жиналып отырмыз.

Тіл – халықтың жаны, жүрегі. Тіл – ұрпақты ұрпақпен жалғаушы алтын көпір.

Назгүл:

Иә, достар, бүгінгі мерекеміз – еліміздегі тілдердің барлығына көрсетілген құрмет күні. Қазақстанда 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүреді.

Олардың әрқайсысының ана тілі, өз мәдениеті бар.

Бүгінгі қазақ тілі ,орыс тілі,ағылшын тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен Тіл мерекесінің он күндігінің жабылу салтанатына «**Тілдер тоғысқан мереке**» атты іс-шараға қош келдіңіздер!

Бөрібай:

Үштілділік – біздің еліміздің басты қағидаларының бірі.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі – әлемдік байланыс тілі.

Өлең шумақтары (қазақ,орыс, ағылшын)

Ән Нұрай

Назгүл:

Құрметті қонақтар!

Бүгінгі мерекеміз тек қазақ тілінің ғана емес, еліміздегі өзге ұлт тілдерінің де мерекесі.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет, сондықтан біз өзге тілдерді де құрметтейміз.

Көрініс (ағылшын бірлестігі)

Ән 9-сыныптар

Бөрібай:

Қазақ тілі – бабамыздың тілі,

Қазақ тілі – данамыздың тілі.

Осы ұлы тілді қастерлеу – біздің міндетіміз.

Би қазақша

Назгүл:

Қазақ тілі – біз үшін қасиетті, қастерлі тіл.

Оны құрметтеу – әр азаматтың парызы.

Бөрібай:

«Тілім барда – мен бармын, халқым барда – елім бар» деп,

Тілімізді қадірлейік, ұрпаққа аманат етейік.

Хор

Бүгінгі қазақ тілі , орыс тілі ,ағылшын тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен өтілген Тіл мерекесінің он күндігінің жабылу салтанатына арналған «**Тілдер тоғысқан мереке**» атты іс-шараны қорыта келе сөз кезегін ДТЖО: Умбетова Манзура Сайлаубекқызына береміз.Сау саламатта болыңыздар!

Анықтама

Шымкент қаласы №136 жалпы орта білім беретін мектебінде “5-қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні” мерекесіне орай “Тілдер тоғысқан күн” тақырыбында қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі пән бірлестігінің ұйымдастыруымен он күндік іс-шараның жабылу салтанаты өтті. Осы уақыт ішінде біз тіліміздің тарихы мен тағылымын дәріптеп қана қоймай, оқушыларымыздың өнерін тамашаладық. Олар ән айтып, би билеп, сахналық қойылымдар көрсетіп, мерекеміздің мәнін одан сайын айшықтай түсті. Бұл – жас ұрпақтың өз тілін, өз мәдениетін қастерлей отырып, өзге халықтардың да өнері мен рухани байлығына құрметпен қарай алатынының айғағы.

Тіл – халықтың қазынасы, достықтың алтын көпірі. Бүгінгі мереке соның дәлелі болды.

Мақсаты – оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және көптілділік құндылығын дәріптеу.

Нақтылай айтқанда, мақсаттары мыналар:

1. Мемлекеттік тіл – қазақ тілін құрметтеуге тәрбиелеу;
2. Оқушылардың тіл мәдениетін дамыту;
3. Туған тілдің тарихы мен маңызын ұғындыру.



